



BÜGIN SANDA
SÝARMALY
JERDI
ARTTYRÝDYŇ
AÝQYMDY
MINDETTERİ

4-5 >>

ÁBEKEŇ
EDI

6 >>

ARÝLARDYŇ
ANASY

8 >>

Сәлима
ЖҰМАБЕКОВА,
Социалистік
Еңбек Ері,
Батыр ана:

КӨҢІЛ АУЛАҒАННАН КЕМІП ҚАЛМАЙСЫҢ

3 >>

PREZIDENT



КЕҢЕСТЕ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕ КӨТЕРІЛДІ

Елбасының төрағалығымен әлеуметтік саясатты іске асыру мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Жиында Премьер-Министр А.Мамин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ә.Искенев және Премьер-Министрдің орынбасары Г.Әбдікалықова қатысты.

Кеңесті ашқан Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға және тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған шараларды сапалы жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті.

«Нұр Отан» партиясының жақында өткен съезінде әлеуметтік саясат саласындағы шаралардың іске асырылуын егжей-тегжейлі қарастырдық. Мен тұрмысы нашар және әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған тұрғындарға қолдау көрсету жөнінде жаңа ауқымды шаралар ұсынған болатынмын. Біз бүгін соларды іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын жан-жақты талқылаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Басқосуда Мемлекет басшысына Үкіметтің жүктелген міндеттерді орындау, соның ішінде әлеуметтік саясаттың жүзеге асырылуын заманалық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жоспары таныстырылды.

Жиында қатысушылардың баяндамасын тыңдаған соң, Елбасы халықтың көмекке мұқтаж санатына жататындардың бөріне әлеуметтік жәрдем беру қажет екенін айтты.

«Әлеуметтік тұрғыдан тұрмысы төмен отбасыларды қолдауға бөлінетін қаражат салық түсімі есебінен қаралатынын түсінген жөн. Сондықтан, мемлекеттің тиісті тепе-теңдікті сақтай отырып, көмекке аса мұқтаж жандарға әрдайым қолдау көрсететінін баршаға түсіндіру керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көпбалалы отбасылар мемлекеттің қамқорлығын жақын арада сезінуге тиіс екенін атап өтті.

«Көмекке аса мұқтаж және көпбалалы отбасылар биылғы 1 сәуірден кешікпей әлеуметтік көмек алуы қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы мемлекеттік органдардың басшылары мен облыс әкімдерінің жұмыстарын бағалау азаматтардың әл-ауқатының деңгейіне және тұрмыс сапасына тікелей байланысты болатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы өңірлерде жалақыны өсіру жөніндегі шараларды уақытылы қабылдаудың, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жүйелі реформалар жүргізудің, тұрғын үйлер мен ішкі аудандық жолдарды салу қарқынын күшейтудің, сондай-ақ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен экология проблемаларын шешудің маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар, «Құтты мекен» және «Ауыл – ел бесігі» жобаларын әзірлеп, жүзеге асыруға ерекше назар аударылды.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері өңірдегі тұрғындардың өзекті мәселелерін жеке бақылауға алып, жүктелген міндеттерді іске асыру үшін нақты шаралар қабылдауы керек. Сонымен қатар, әлеуметтік саясатты жүзеге асыру үшін бөлінетін қаражаттың тиімді жұмсалынуы бақылау жасау негізгі бағыттың бірі саналады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.



Дүниеге келген әрбір жан иесі ә дегеннен үш нәрсені ешкіміңіз айтуғынсыз танып-біледі екен – бір Жаратушының барын, анасын, қорегін. Ал, оның ішінде ең бірінші көретіні – анасы!

6 Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

Ана – тіршіліктің тамыры, адамзаттың тәрбиешісі. Халық та, алып та ана алдында бас иген. Батырды аттан, патшаны тақтан түсіріп амандастыратын ана ғана. Қазақтың тіл казынасындағы ең бай тақырып – анаға арналған сөздер. «Жұмақтың кілті ананың табанының астында», «Ананың ойы балада, баланың ойы далада», «Атана кызмет қыл, анана құрмет қыл», «Баланың білегі ауырса, ананың жүрегі ауырады», «Алты аға бірігіп – әке болмас, жеті жеңге бірігіп – ана болмас», «Ананды аркалап Меккеге үш рет апарсаң да, қарызың өтпей амайсың», осылайша жүз паракты толтыруға болады. Жүмекен ақынның «Ақ сүт» деп

аталатын аңызға құрылған баллада-сын оқыдыңыз ба? Сол шығарманы осы газеттің 8-ші бетіне жариялап отырмыз. Аңызда анасын Меккеге екі рет аркалап апарып, үйіне қайта келген соң: «Ана, ақ сүтінді ақталдым ба?» деп сұрайтын баланың «жок» деген жауап алып, үшінші рет сапарға шыққандағы өлімі баяндалады. Сонда әл үстінде жатқан баласының жанына келіп, шешесінің «Құлым-ай, ақ сүтімді ақтай алмай кеттің-ау» деп жылайтыны бар. Өйткені, ана жақсылығы баласы үшін еш есеппен түгенделмейді екен. Құранда да ананың хақы әкеге қарағанда үш есе жоғары екендігі айтылған. Мына нәрсеге ойлап

көрейіңіз, қыз бала ана атанған сәттен бастап, басынан өткерген қарекеттің бәрін баласы үшін атқарады. Тоғыз ай көтереді, қол біткенше қорек береді, аяқ біткенше арқалайды, ақыл кіргенше тәрбие үйретеді, еркелетіп сүйеді, ауырса жанын шүберекке түйеді – сен үшін отқа қуяға, суға түсуге дайын. «Баланың білегі ауырса, ананың жүрегі ауырады» дейтін сөздің орны – осы. Бұл ісіне ол ешкімнен балақы да, сыйақы да күтпейді. Алла ана жүрегіне баласына деген ерекше махаббат сезімін сыйлаған. Баласы үшін анадан артық уайым шегетін жан бар ма? «Баласы атқа шапса, анасы тақымын қысады» дегенді осы жерге қосайың. Баласы үшін өмір тыныштығы мен рахатынан бас тарта алатын анадан басқа кім? Ана жүрегінің махаббатымен салыстыруға келетін сүйсіспеншілік болмақ емес. Баласының жақсылыққа да, жамандыққа да кезітетінін білу үшін балгер жағалау

бекершілік, оны сезетін жалғыз ана жүрегі.

Жүзі, көктем келді, көктемнің алғашқы күнін алғаш айтумен басталдық. Іле-шала аналар мен ару қыздарымызға ақ тілегімізді жаудырып жатырмыз. Осы жылылықпен үйлескен қос мерекке қазақ үшін қымбат, ынтымақ пен ыстық жүректердің қуанышы әркімнің-ақ көңіліне шуақ себеді. Дегенмен, біз аналар мен аруларды құрметтеуді жылына бір келетін туған күн дәрежесіне түсірмеуіміз керек. Анаға әр күн сайын құрмет көрсету – парызымыз хәм қарызымыз. Дін де, мектеп те жасөспірінің бойына осы тәрбиені егіп келе жатыр. Біз де соны айтамыз.

Ана – дүниенің көркі. Ана – әлемнің әшекейі. Анасыз қуатын әлсіз, қызығын орта. Азамызды ардақтайық, асылымыздың бағасын білейік.

Көңілімің шамшырағы – сен, өмірімің шуағы – өзін, әзіз жан!

*Ардақты аналар,
қадірлі
қыз-келіншектер!*

Сіздерді көктемнің әсем мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қай кезде де әрбір халық үшін әйел жанының жылулығымен сұлулығы, мейірімділігі мен кеңдігі әлемге рух беріп келеді. Біздің ата-бабаларымыз әйелдің тек үйдегі ғана емес, жаратылыстағы маңыздылығын «Әйел бір қолмен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербейді» деп бір ауыз сөзбен жеткізген. Ең қасиетті ұғымдар – Отан, Ана тілі, Туған жерді ананың мейірімі мен қамқорлығына балады.

Қазір де, Сіздер, әсемдік әлемнің үлгісіндей сұлу да сымбатты қалыптарыңызды сақтай отырып, шаңырақтың шұрайын келтіріп Отанасы – аяулы ана, адал жар, үлгілі қызметкер миссияларын қатар алып жүрсіздер.

Сыр елінің қыз-келіншектері де барлық саланы: кәсіпкерлік пен саясат, білім мен денсаулық, ғылым мен өнерді еркін менгеріп, бізді жетістіктерімен қуаңдта.

Заманауи өмір ағымнан да қалыс қалмай, ғасырлар бойы келе жатқан халық даналығын да сақтай отырып, жер бетіндегі әсемдіктің көрінісі болып қала бересіздер.

Осындай шуақты мерекелеріңізде Сіздерге бақыт пен махаббат, еңбектеріңізге табыс, шалқар шабыт пен мол қуаныш, зор денсаулық пен отбасылық бақ-береке тілеймін.

**Құрметпен,
облыс әкімі
Қырымбек
КӨШЕРБАЕВ.**

8 MEREKELİK QABYLYDAŇ

АНАЛАРҒА АЛҒЫС АЙТҚАН КҮН



Халықаралық әйелдер күні қарсаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мереке иелерін қабылдады. Мерекелік кездесуге ел анасы атанған Сәлима Жұмабекова бастаған көпбалалы аналар, кәсіпкер әйелдер, білім-білігін есімі әр салада елге танылып жүрген қыз-келіншектер қатысты.

6 Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Оларды төл мерекесімен құттықтаған аймақ басшысы қоғамды түзетуде, ұлт тәрбиесінде ананың орны бөлек екенін атап айтты. – Қазаққа ең қасиетті ұғымның

барлығы анаға баланған. Ана тілі, Отан-Ана, Жер-Ана. Мемлекет басшысының «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде сойлеген сөзі түгелдей ана мен

баланың мәселесіне арналды және 2,3 трлн теңге көпбалалы аналардың қордаланған мәселесін тез арада шешуге бөлініп отыр. Анығын айтқанда, ел бюджетінің 45 проценті ана мен балаға жұмсалуда. Сонымен қатар елімізде аналар мерекесі, отбасы құндылығын насихаттайтын «Мерейлі отбасы» республикалық деңгейдегі конкурсы жыл сайын өткізіліп келеді.

2-бет.

8 SALTANATTY KESH

ӘЙЕЛ КҮЛІМДЕСЕ, ӘЛЕМ НҰРЛАНАДЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өткен салтанатты шарада аналарды, қыз-келіншектерді мерекелеп құттықтады.

6 Назерке САНИЯЗОВА.

Қазіргі заманда әйелдердің қоғамдағы орны орасан. Олардың қатарында аналар ғана емес, іскер әйелдер мен басың тұлғалар да бар. Түрлі салаларда ер азаматтармен қатар еңбек етіп жүрген аяулы жандар көбейіп келеді. Сөзімізге статистика дәлел: педагогтардың – 73, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің – 87, бюджеттік сала қызметкерлерінің – 60, мемлекеттік қызметшілердің 35,4 проценті әйелдердің үлесінде. Саясатта да қыз-келіншектердің салмағы артып, тұлғасы биіктей түсеуде. Олар шағын және орта бизнесті өркендетіп, ел табысын еселеу жолында да елеулі еңбек етіп жүр.

Аймақ басшысы «Нұр Отан» партиясының XVIII съезіндегі

Елбасы сөзі де, қабылданған шешімдер де, республикалық бюджет пен Ұлттық қордан бөлінген қаражаттың қаржы да ана мен баланы қолдауға арналғанын атап өтті.

– Бұл сіздердің мемлекет өміріндегі орындарыңызды тағы бір айшықтай түскені анық. Сіздер – тек отанасы ғана емес, қоғамда ер азаматтардың іскер әріптесі әрі елдің тірегісіздер. Қасиетті жеріміздің әлеуетін арттырып, келбетін көркейтуде әрдайым үлес қосып келесіздер. Бұл үшін сіздерге мың алғыс! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада жер-гілікті өнерпаздар мен отандық эстрада өкілдері, отбасылық жүйе Жанболат пен Жазира қыз-келіншектерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

СУАРМАЛЫ ЖЕРДІ АРТТЫРУДЫҢ

МАҢЫЗЫ ЗОР БАСТАМА

Мамандардың пікірінше, 2050 жылға қарай әлемде халық саны 9 миллиардқа дейін өседі. Міне, сол кезеңде ауыл шаруашылығы, оның ішінде азық-түлік өндірісі дамудың басты факторына айналмақ. Елбасы осы ретте ауылшаруашылық саласы экономикамыздың драйверіне айналуы тиіс деп үнемі айтып келеді. Өйткені, ауыл шаруашылығы өнімдерін еселеп көбейтуге Қазақстанның әлеуеті толық жетеді. Сол үшін елімізде суармалы жерлер көлемін арттырудың маңызы өте зор. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың бірден-бір жолы. Сондықтан осы салаға барынша басымдық берілуі керек. Суармалы жерлер кепілді мол өнім беретін, қайтарымы жоғары, ауыл шаруашылығының «алтын қоры» ғана емес, сол өңірлерде тұратын халықтың тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, өмір өзегі.

Елбасы Н. Назарбаев ауыл шаруашылығындағы маңызды міндеттердің бірі ретінде суармалы жер көлемін таяудағы уақыттың ішінде 600 мың гектарға арттыру міндетін ала қойып, Үкіметке нақты тапсырма берген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай Үкіметте суармалы жерлерді дамытудың 2028 жылға дейінгі жоспары бекітілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – 3,5 млн гектар жерді сумен қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда суармалы жерлердің ауданы 1,4 млн гектарды құрайды. Жоспар айналымнан шыққан, алайда қажетгі 600 мың гектар аумақты қалпына келтіріп, жаңа 1,5 млн гектар жерді іске қосуды көздейді. Бұл жалпы түсім өсімін 4,5 есе және еңбек өнімділігінің 2 есе өсуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ 300 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Егіншілік мәдениеті ертеден суармалы жүйеге негізделген Сыр өңірі үшін Президент тапсырмасын орындау жаңа мүмкіндікке жол ашады.

Осы орайда жуырда облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен суармалы жерлерді дамытуға қатысты селекторлық жиын өткен болатын. Бұл туралы «Сыр бойы» газетінде «Суармалы жер – Сырдың алтын қоры: оны жетілдіруде жүйелі бастама бар» атты мақала жарияланды. Газетіміздің бүгінгі нөмірінде сол жиында көтерілген мәселелер туралы деректер, мамандар пікірі кеңірек ұсынылып отыр.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

АЛДЫМЫЗДА ҮЛКЕН МІНДЕТТЕР ТҮР

Өткен жылы желтоқсан айында Үкімет бекіткен Суармалы жерлерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданды. Негізгі мақсат – республика бойынша суармалы жерлердің ауданын 1,4 млн гектардан 3,5 млн гектарға жеткізу. Оның ішінде айналымнан шыққан, алайда талап етілген 600 мың гектар (Елбасының 2016 жылғы 9 қыркүйектегі тапсырмасы) суармалы жерлерді қалпына келтіру және жаңа 1,5 млн гектар жерді айналымға енгізу қарастырылды. Республика бойынша айналымға қосу жоспарланған 2,1 млн гектар суармалы жердің 80 мың гектары Қызылорда облысының үлесінде (3,8 процент). Жалпы, бұл шараларға республика бойынша 1 трлн 233 млрд тенге сомасында инвестиция қажет етіледі.

2018 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша облыста 249,8 мың гектар суармалы жер тіркелсе, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 214,6 мың гектар, елді мекен жерлері 12,6 мың гектар, өнеркәсіп және су қорының жері 0,3 мың гектар, орман қоры жерлері 2,1 мың гектар, босалқы жерлер 20 мың гектар болып отыр. Суармалы жерлердің құрамына талдау жүргізіліп, нәтижесінде егіс егуге мүмкіндік бар (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 214,6 мың га, босалқы жерлері 20 мың га, орман қоры жері 2,1 мың га) 236,8 мың гектар жер анықталды. Демек, оның құрамынан 13 мың гектарды құрайтын елді мекен жерлері мен өнеркәсіп, су қорының жерлері

алынып тасталды. Бұл ретте, егіс егуге мүмкіндік бар 236,8 мың гектар жердің бүгінгі күні 53,4 мың гектары пайдаланылмайды.

Облыс басшысының суармалы жерлер көлемін 300 мың гектарға жеткізу туралы тапсырмасына сәйкес, қосымша жерлерді енгізу мүмкіндіктерін зерттеді. Нәтижесінде, суармалы жерлердің көлемін 300 мың гектарға жеткізу үшін қосымша жаңадан 116 мың гектар жерді қосуымыз қажет екендігі анықталды.

Енді Президент тапсырмасына сай алдағы уақытта оның көлемін 300 мың гектарға жеткізу міндеті тұр. Бұл, әрине, оңай шаруа емес, көп күшті, қаржыны талап етеді. Алайда, оны жүзеге асырғаннан кейін пайдасы мол болмақ. Егер де 185 мың гектар жерді игеру барысында қанша адам жұмыспен қамтылып отырғанын ескерсек, оның көлемі 300 мың гектарға жеткенде қанша адамға жұмыс табылатынын шамалай беріңіз. Бұл – елдің құт-берекесін арттыруға жасалып отырған қадам.

Қазіргідей егіншілік технологиялары, жылжымай өнеркәсібі қауырт дамып келе жатқан заманда көпкірі өсіру ісімен әр өңірде шұғылдануға болар еді. Тек бұл үшін суармалы жер болуы қажет. Суармалы жерлердің тағы бір үлкен артықшылығы, суарылмайтын алқапқа қарағанда өнімді бірнеше есе артық бере алады. Яғни, экономикалық тиімділігі де орасан зор.

Серікбай САҒЫМБАЕВ, сала ардагері.

Ал, «ҚазСуШар» кәсіпорнының ақпараты бойынша облыста жобалық көлемі 223 мың гектарды құрайтын 6 массив бар болса, (Түгіскен массиві 35,8 мың га, Жанақорған-Шиели



«Агрөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керек». «Негізгі міндет – еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорттың 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту».

Елбасы Жолдауынан.

БЕРЕКЕГЕ АЙНАЛАТЫН БАСТАМА

Қазақстандағы суармалы жерлердің басым бөлігі оңтүстік облыстарда орналасқан. Біздің облыста 286 мың гектар суармалы жер болды. Ол біздің алтын қорымыз саналады. Өйткені, ол жерлерден суарылмайтын алқаптармен салыстырғанда анағұрлым көп өнім алып келдік. Кешегі тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қиын жылдары оның бәрін игеру мүмкін болмай қалды да қазір соның 185 мың гектарын ғана пайдаланудамыз.

Енді Президент тапсырмасына сай алдағы уақытта оның көлемін 300 мың гектарға жеткізу міндеті тұр. Бұл, әрине, оңай шаруа емес, көп күшті, қаржыны талап етеді. Алайда, оны жүзеге асырғаннан кейін пайдасы мол болмақ. Егер де 185 мың гектар жерді игеру барысында қанша адам жұмыспен қамтылып отырғанын ескерсек, оның көлемі 300 мың гектарға жеткенде қанша адамға жұмыс табылатынын шамалай беріңіз. Бұл – елдің құт-берекесін арттыруға жасалып отырған қадам.

Серікбай САҒЫМБАЕВ, сала ардагері.

массиві 38,8 мың га, Қызылорда оң жаға массиві 26,3 мың га, Қызылорда сол жаға массиві 91,2 мың га, Қазалы оң жаға массиві 12,8 мың га, Қазалы сол жаға массиві 17,7 мың га) бүгінгі күні осы массивтердің 34 проценті пайдаланылмайды. Осы массивтерді және қосымша жаңа алаңдарды айналымға қосуға мүмкіндіктер бар.

Мәселен, Қазалы ауданындағы сол жағалау массивінен, Жалағаш ауданында Жанақорған каналының бойынан, Сырдария ауданы Айдарлы ауылдық округі аумағындағы «Қатынбақан», «Құмтоған», «Донғал», «Асансай» учаскелері және Ботайы каналының бойы, Шиели ауданында Желек ауылдық округі аумағындағы «Қырғызбай», «Үшмолда», Қоғалы ауылдық округі аумағындағы «Аққұм», «Ертуған», «Бозкөл», «Маяқұм», Қоғалы учаскелері, Қызылорда қаласында оң жағалау каналының бойынан, Жанақорған ауданында Жанақорған-Түркістан бағытының оң жағалауындағы Талап, Сүттіқұдық, Қыраш ауылдық округтерінде жаңа жер ашуға болатынын көріп отырмыз, – дейді басқарма басшысы.

Осы жерлердің көлемін айқындау, суландыру көздері мен ирригациялық жүйелерді жүргізу мүмкіндіктерін нақтылап, зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл жерлерге өнімділігі жоғары, суды аз қажет ететін, суранысқа не және су үнемдеу әдістерін қолдана отырып өсірілетін дақылдар егу жоспарлануда. Бұл бағытта облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жұмыс жасайды. Сонымен бірге осы жұмыстарға зерттеулер жүргізуге қажетті қаржы көлемі анықталғаннан кейін, бюджеттен қаржы бөлу үшін тиісті ұсыныс енгізілмек.

МАҚСАТ – ЕГІС КӨЛЕМІН 300 МЫҢ ГЕКТАРҒА ЖЕТКІЗУ


– Құрғақшылық, жазы ұзақ әрі ыстық, жауын-шашын аз түсетін аймақтарда суармалы жүйе мәдени өсімдіктер өсіріп, олардан мол өнім алудың бірден-

ОБЛЫСҚА БӨЛІНЕТІН СУ КӨЛЕМІН ЗАҢДАСТЫРҒАН ДҰРЫС

Қызылорда облысы – ежелден-ақ суармалы егіншілікпен айналысып келе жатқан облыс. Бұған кезіндегі мол сулы Сырдария өзенінің облыс орталығын басып өтетіні көп септін тігізген. Бұрынғы кездері суармалы жерлердегі негізгі дақылдар Қызылорданың тәтті қамырды, көкөністер, маңыздық шөптер болған. Кеңес үкіметі кезінде бұл аймақта басты дақыл болып күріш егіліп, бұл өңірде ол нағыз екінші отанын тапты. Суармалы жер көлемін 300 мың гектар жерге жеткізу өте құпталарлық мәселе. Кешегі 1991 жылдарға дейін пайдаланылып келген 286 мың гектар суармалы алқаптарға егін егіліп, өнім алынып келді. Сол алқаптардың, сондай қаналардың әлі іздері бар. Оларды қалпына келтіруге қажет. Ал биіктеу жерлерде орналасқан алқаптарға насостармен су жеткізуге болады.

Суармалы алқаптар көлемі ұлғайғаннан кейін ең басты мәселе су жеткізу болады. Сондықтан ең бірінші кезекте облысқа бөлінетін су көлемін заңдастырып алған дұрыс. Біз траншекаралық Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқандықтан, өзеннің сулылығына, оның жоғары ағыста орналасқан мемлекеттердің ұстанымына да қатты тәуелдіміз. Осыған орай, жоспарланып отырған су қоймалары құрылысын тездетіп бастаған жөн. Су мәселесі шешілсе басқа ойға алған жұмыстарды біздің азаматтар кезегімен орындап шығатынына кәміл сенуге болады.

Бегеш ЖАҚЫП, сала ардагері.



бір кепілді. Облыстың ерекшелігі – басқа өңірлер секілді бізде тәлімді егістік жер жоқ. Бұл біздің алтын қорымыз. Суармалы егіншілік – мол өнім кепілі, азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл халқын жұмыспен қамтамасыз етудің бірден-бір жолы.

Республика бойынша егістік алқаптардың 7 процентін құрайтын суармалы жерлерде егін шаруашылығындағы жалпы өнімнің 40 проценті өндіріледі. Атап өту керек, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында ірі шаруашылықтар ұсақ қожалықтарға бөліну салдарынан гидромелиоративтік инфрақұрылымдар иесіз және тиісті техникалық күтісіз қалды. Мұның бәрі суармалы жерлердің мелiorативтік жай-күйінің нашарлауына әкеліп, нәтижесінде суармалы жерлердің көлемі күрт азайды, – дейді басқарманың бөлім басшысы Қайрат Жансұлтанұлы.

Мәліметтерге қарағанда Үкімет бекіткен Суармалы жерлерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарынан іске асыру бойынша әкімдіктерге бірқатар міндеттер жүктеліп отыр. Онда: – жаңа суармалы жерлердің жобалық алаңдарын айқындау; – ирригациялық желілер салу үшін әлеуетті инвесторларды анықтау; – жаңа суармалы жерлерді игеретін әлеуеті бар ірі жер пайдаланушылардың тізбесін әзірлеу; – ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру және оның құрылымы бойынша ұсыныс әзірлеу;

Олар – пайдаланылмай тұрған 29 мың гектар суармалы жерлерді айналымға қосу және 158 мың гектар суармалы егістіктегі ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру (ПУИД-2, ПУИД-3) жобалары.

Осы жобалардың ішінде ПУИД-2 және пайдаланылмай тұрған 29 мың гектар суармалы жерлерді айналымға қосу жобаларына енген су нысандары толық құжаттандырылып, республикалық меншікке өткізілді, ПУИД-3 жобасы бойынша құжаттандыру жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады. Соның ішінде үстемізге жылы Жалағаш ауданында ПУИД-2 жобасы бойынша құрылыс жұмыстары басталады.

Облыс аумағында суармалы жер көлемін ұлғайтуға қатысты тұрғындардың, шаруашылық басшыларының, бизнес өкілдерінің, ғалымдардың ұсыныс-пікірлері болса, онда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының prd@korda.gov.kz электрондық поштасына жіберуге, 60-53-67 телефонына хабарласуға болады.



АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕРІ

Облыс агросекторының алдына егістік алқапты келешекте 300 мың гектарға жеткізу қойылып отыр.

Осыныша көлемдегі алқапқа су жеткізу үшін ғылыми негізделген ауыспалы егіс жүйесіне барлық егіншілік саласы толық көшуі тиіс. Ал қазіргі таңдағы шаруашылықтардың су пайдалану тәртібі сын көтермейтіні анық.

Ауыспалы егіс көлеміндегі егістерді төмендегі әдістермен жүргізу керек:

1. Күріштен басқа егісті бастырып суғаруды тоқтату.
2. Әр өсімдіктің суғару әдістері мен нормасын қатаң сақтау. Яғни дәнді, мал азығындық дақылдарды жолақпен суғару. Атызда уақытша арықшалар жүргізіп, атызды бірнеше жолақтарға бөліп, жолақ суға толғаннан кейін екіншісіне жалғастыру.
3. Егістік жердің тегістігін қатаң сақтап, оны жылда Мара агрегатымен тегістеп отыру.
4. Дақылдардың орналасу тәртібі сақталып, әр өсімдіктің пайдаланатын су көлемі ғылыми түрде анықталып, бекітілген көлемін қатаң сақтаған жағдайда, жылма жыл егіс көлемінің артуын ескере отырып қосымша су лимитін бөлдіру арқылы, егістік жерлерді қажетті су мөлшерімен қамтамасыз ету.
5. Бақша, көкөніс егістерін тамшылатып суғару тәсілдеріне көшіру қажет.
6. Жерасты суларын ұңғымалармен алып, оны ақ егіске пайдалану.
7. Жердің мелиоративтік жағдайын қалыпта жағдайда ұстап тұру үшін күріш көлемін 85,7 мың гектардан кемітпеу.

Өңіріміздегі суармалы жер көлемін, 2028 жылға қарай, 300 мың гектарға жеткізу үшін қосымша 116,5 мың гектар алқапты қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылуы тиіс. Атап айтқанда, 2020 жылдан бастап 2028 жылға дейін тиісінше жылдар бойынша: 8, 10, 11, 5, 5, 5, 10, 10, 20, 32,6 мың гектар жерді күрделі тегістеп, барлығы 116,5 мың гектар суармалы жерді қосымша іске қосу қажет.

2018 жылы жалпы суармалы егіс көлемі 184,4 мың гектар болса, оның ішінде, негізгі дақыл – күріш көлемі 87,3 мың гектар болды. Ол жалпы егіс көлемінің 47%-ін құрайды. Жылма-жыл, суармалы егіс көлемін айналмынан шығып қалған егістікті қалпына келтіру және жанадан ашылатын суға тиімді жер аумағын арттыру көзделуде.

Шектеулі су лимитін өңіріміздегі егіс көлемдеріне тиімді пайдалану мақсатында күріш егісін осы деңгейде сақтап, яғни 2028 жылғы барлық 300 мың егіс көлемінің күріш дақылдың үлесі 29%-тен асырмай сулы аз тұтынатын диверсификациялық мал азықтық және майлы дақыл көлемдерін арттыру қажет. Бұл қазіргі таңдағы өзекті мәселе. Мал санының жыл сайын артып келе жатқаны белгілі. Малазықтық дақылдар көлемі мен өнімділігін арттыру жем-шөптің берік қорын жасауға мүмкіндік туғызады.



СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН АВТОМАТТАНДЫРУ – СУДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ТЕТІГІ

Жоғарыдағы суармалы жер көлемін арттыру іс-шаралары нәтижелі іске асқан жағдайда тұрғындарға қосымша жұмыс көздері ашылып, өндірілген өнімдер облысымыздың ішкі сұранысын қанағаттандырып, халықтың экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсартыды.

Жанадан ашылатын жерлерді жобалау үшін өңірдегі негізгі мақсат – Суармалы жерлерді дамыту. Ол үшін:

1. Су көздеріне тиімді жақын жерлерді қарастыру.
2. Суғарудың прогрессивтік тәсілдерін тиімді пайдалану.
3. Айналымнан шығып қалған жерлерді бірінші кезекте қалпына келтіру.
4. Суармалы егістің барлық көлемдерінің мелиоративтік жағдайына мониторинг жасап отыру.
5. Өңірімізде суармалы жердегі ғылыми негізделген ауыспалы егіс жүйесін қатаң түрде сақтау.
6. Егіске суды су пайдалану жоспарына сәйкес қатаң сақтау.
7. Инженерлік жүйеден тыс жайсаң жерлерге күріш дақылын екпеу.
8. Қаналдың су өткізу қабілетінен жоғары көлемде егіс орналастыру шараларын орындау керек.

Бүгінгі таңға дейін ірі шаруашылықтардың майданып, жер телімдері аз көлемде бөлініп, ішкі шаруашылық су жүйелері мен гидрокүрылымдары

карасыз қалды. Еліміздің экономикалық ахуалына байланысты егістік алқаптардың мелиоративтік жағдайларына қажетті көлемдегі қаражаттар толық бөлінбеді. Жылдар бойынша жинақталған күрделі мәселелер, атап айтқанда, айналымнан шыққан жерлер, суға тиімді жанадан ашылған жерлерді іске қосу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Жоғарыдағы аталған іс-шараларға жұмсалатын қаржы көздері келешекте егіншілік саласын дамытып, өнімділігі мен сапасы артып, бағасы төмен өніммен ішкі сұранысты қанағаттандыруға және келешекте экспорттық әлеуетті шешуіне толық мүмкіндік туғызады.

Елбасының суармалы жер көлемдерін арттыру шараларына сай өңір басшысының, оны іске асыру бағыттарына жоспар жасауы өте қажетті, батыл қадам.

Облысымызда 249841 га егіс алқабы болса, оның 178,6 мың га инженерлік дайындалған жерлер. Бүгінгі күні 53413 гектар суармалы жердің жағдайы қанағаттанарлық емес, ал 100 мың гектардан астам жерде қолданылып отырған суару жүйелері түбірімен жақсартуға қажет етеді. Көпшілігі қайта жаңарту алаңы 16,5 мың гектарды құрайды.

Суармалы жерлердегі су тапшылығын тудыратын тағы бір фактор, ауылшаруашылық дақылдарын

суаруға су үнемдегіш технологияларды кеңінен пайдаланбау. Сондықтан суару барысында суармалы жерлерге берілген су мөлшерінің 40%-ке дейінгі мөлшері пайдасыз сүзілуге және булануға шығындық алады. Аймақтағы күріш алқаптарындағы ауыспалы егіс элементтерінің талаптарға сай болмауына және атыздарға берілетін суға есеттеуді жүргізудің мүмкіндігі болмауына байланысты күріштің суару нормасы тым жоғары болып отырғаны белгілі.

Дегенмен, соңғы жылдары біршама шаруашылықтар өз күштерімен мелиоративтік техникалар (МАРА лазерлік тегістегіш, экскаватор) алып, коллекторлық-дрендік жүйелерді тазалап, атыздарды тегістеуге қол жеткізуде. Осы атқарылып жүмыстардың нәтижесінде гектар шығындылығы артып, суды үнемдеуге қол жеткізілуде. Алайда, осындай оңтайлы жағдай шаруашылықтар нақты қанау су үнемделі, ол күріш өндірісі экономикасына қандай әсерін тигізді, топырақ-мелиоративтік жағдай қалай өзгеруде, неге суару режимі арқылы арамшөптермен күреспейміз деген сұрақтарға жауап жоқ және шаруашылықтардың қолынан келе бермейді. Осы бағытта Елбасының қойып отырған талабы – ауылшаруашылық саласындағы еңбек өнімділігін 2,5 есе артты-

ру, барлық тауарөндірушілерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы жобаларға күрделі мәселелерді оңтайлы шешіп, барлық ауылшаруашылық саласында атқарылатын жұмыстарды ғылыми бағыттағы оңтайлы тәжірибелер мен озық шаруашылық нәтижелеріне сүйене отырып жүргізбесе, алдағы қойылатын талаптардың орындалуы жыл санап күрделене түсетіні анық.

Өңірде күрішті суаруды автоматтандырылған қондырғыны пайдалану жүйесіне көшіру су жетіспеушілігін біршама төмендетеді. Облысымыздың 2018-2028 жылдар аралығындағы даму перспективасында суармалы егістік жер көлемін 300 мың гектарға жеткізу жоспарланған.

Бұл мақсатқа пайдаланылмай тұрған 29 мың гектар суармалы жерлерді айналымға қосу жобасы және жанадан болжаланатын суармалы массивтер жоспары арқылы қол жеткізуге мүмкіндік бар. Біздің аграрлық саламыз жартылай шөлді, шөлді аймақтарда орналасқандықтан, егіс егу-суландыру арқылы жүргізіледі. Қазіргі уақытта қолданыстағы 185 мың гектар егістік жерлерде күріш, дәнді, майлы, малазықтық, бақша, көкөніс дақылдары егілуде.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2016 жылғы 19 тамыздағы №367 бұйрығымен Қызылорда об-

лысында тұрақты суаруға 2016-2025 жылдарға арналған су пайдалану шектеулі лимиті 4159,9 млн текше метр мөлшерде бекітілген. Күріш дақылдан басқа дақылдарды суару барысында су үнемдегіш технологияларды (тамшылатып суғару, т.б.) кеңінен пайдалану, агротехнологиялық шараларды (танаптардың тегістігі, ғылыми бекітілген суғару нормалары мен әдістерін, ауыспалы егістік жүйесін) қатаң сақтау арқылы жер көлемін ұлғайтып, су мөлшерін үнемдеуге, сондай-ақ басқеге кабілетті жоғары өнімге қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Жоғарыда аталған шараларды ескере отырып, ауыл шаруашылығының 2018-2028 жылдар аралығындағы даму перспективасындағы дақылдарға қажетті су лимиттері анықталды. Ол тұрақты суаруға 4878 млн текше метрді құрады. Бүгінгі таңдағы тұрақты суаруға пайдаланып отырған 4159,9 млн текше метр су лимитін қосымша 718,1 млн текше метрге ұлғайтуды қарастыру қажет. Есептеулерге сүйенсек, 2018 жылы егілген күріш көлемі 87,3 мың гектар оған 3564,75 млн текше метр су берілген. Сол секілді дәнді дақылдар егілген 8 мың гектарға – 52 млн, майлы дақылдар өсірілген 10,33 мың гектарға – 99 млн, малазықтық дақылдар егілген 61,5 мың гектарға – 307,5 млн, көкөніс, бақша дақылдары өсірілген 17,25 мың гектарға – 135,12 млн, барлығы 184,38 мың гектарға бөлінген су лимиті 4159,9 млн текше метрді құрады.

2028 жылы 300 мың гектарға егілетін ауылшаруашылық дақылдары: оның ішінде болжанған 85,7 мың га күріш егістігі, берілетін су мөлшері 3499,42 млн, дәнді дақылдар 22,5 мың гектар – 146,25 млн, майлы дақылдар 120,5 мың га – 602,5 млн, көкөніс, бақша дақылдары 30,8 мың га – 241,27 млн текше метр болмақ. Жалпы 300 мың гектар суармалы жерге тұрақты суаруға 4878 млн текше метр шекті суару лимиті бөлінуі тиіс.

Қорыта айтқанда, күріш атыздарына су беруді басқару мен есепке алу қондырғыларын құру және басқа ресурс үнемдеуші технологияларын ендіру нәтижесінде күріштің суғару нормасы 22498 м³/га көлемінде болып, облыс көлемінде бекітілген 24500 м³/га салыстырмалы жағдайда су шығыны 8% үнемделеді, күріш атыздарын талаптарға сәйкес тегістеу нәтижесінде оны 1,5 тәулікте суға толығымен бастыруға қол жеткізілуі тиіс. Жоба аясында күріштің су режиміне байланысты атыздарға суды беру мен көзгіге жіберуді және ол жерден өтіп жатқан су көлемін тәулік бойы есепке алуға қамтамасыз ететін және күріштік басымды жұмыс жасайтын сушылардың жұмысын жүзілдетеін жаңа патенттелген құрылғылар күріштің алқаптарға орналастыруға керек. Көкөніс, бақша дақылдарының егіс көлемін 15-20% тамшылатып суғару жүйесіне көшіру қажет.

Қанағат БЕГАЛИЕВ, Ы.Жақасев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі.

ӘРІПТЕСТІК – ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Бүгінгі күні пайдаланылмай тұрған жерлер көп. Сырдария, Шиели, Жалағаш аудандарында бірқатар аумақты ашуға мүмкіндік бар. Жаңа суармалы жерлерді айналымға енгізуді мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі арқылы қаржыландыру моделі суармалы жерлердің көлемін ұлғайтуға үлкен мүмкіндіктер береді.

«Мелиоратор» ЖШС-ның мелиоративтік жұмыстарды жүргізуге материалдық-техникалық базасы жеткілікті. 2000 жылдан бері осы салада қурылыс жұмыстарын жүргізіп келеміз.

Бүгінде облыс халқының жартысына жуығы ауылдық елді мекендерде тұрады. Олардың тыныс-тіршілігі судың және суармалы жерлердің жағдайына тікелей тәуелді. Сондықтан, суармалы жерлердің көлемін ұлғайту – ауыл халқы жұмыспен қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Сонымен бірге, егін шаруашылығы өнімінің ұлағаны – өңдеу өнеркәсібінің дамуына серпін береді.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі арқылы қаржыландыру моделі айқындалып, жаңа суармалы жерлерде іске асырылатын жобаларға мемлекет қепілдігін беру мәселесі пысықталғаннан кейін, жаңа алаңдарды игеру жұмыстарын бастауды жоспарлап отырмыз.

Сондықтан, облыс кәсіпкерлерін осы жұмысқа белсене қатысуға шақырамын.

Бердібек МЫХАНОВ,
«Мелиоратор» ЖШС директоры.

ЖЕРДІҢ САПАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЗЕРТТЕЛУДЕ



Жердің жай-күйін, сапасын және өзгерісін бақылау бағытында топырақтың балл бонитетін анықтау, топырақ зерттеу, топырақ зерттеу құжаттамаларын жаңарту жұмыстары жүргізіліп отыр. Топырақтың сапалық жағдайын бағалауда ең алдымен суармалы жерлер аумақтары зерттелуде. Зерттеулер республика көлемінде жер кадастры бағдарламасы негізінде 2004 жылдан бастап атқарылса, оның ішінде соңғы Жер реформасы аясында басымды, қарқынды іске асырылуда. Оның ішінде Қызылорда облысының аумақтары да кезеңімен жоспарға сай зерттеліп отыр.

Жалпы облыстың 22,6 млн гектар территориясының 5,9 млн гектар топырақ зерттеу мақсатына қамтылған. Оның ішінде 2004 жылдан бері жаңартылған материалдары бары – 1,5 млн гектар, жаңартуды талап ететіні – 4,4 млн гектар. Зерттеу жүргізілген 11,5 млн гектар аумақтың 919,2 мың гектары (суармалы – 147,5 мың гектар) ауыл шаруашылығы санатындағы жерлер құрамында, 608,5 мың гектары босалқы жерлер құрамында (суармалы – 7 мың гектар) орналасқан.

Соның ішінде топырақ зерттеу шараларының көлемі ұлғаюда, 2017 жылы 195 мың гектар, 2018 жылы 450 мың гектар жерге зерттеу жүргізілді. Биылғы жылдың жоспары бойынша 450,0 мың гектар жер қамтылуы тиіс. Бұл мақсатқа қаралып отырған қаржы көлемі – 158,4 млн теңге.

Облыста 2004 жылдан бері 1,6 млн гектар аумақта топырақтың балл бонитетін анықтау шаралары жүргізілді. Оның ішінде 2017 жылы – 260 мың, 2018 жылы 319 мың гектар аумақта бонитировкалау шаралары жүргізілді. Ағымдағы жылға 300 мың гектар жер жоспарлануда. Оған 123 млн теңге бөлініп отыр. Зерттеулерді жер кадастры бағдарламасы негізінде, республикалық бюджет есебінен Жер ресурстарын басқару комитеті жүргізіп отыр. Шара түрлері:

- * топырақ зерттеулерін жүргізу (топырақ түрі, құнарлылығы, балл бонитетін анықтау), электрондық картограмма жасау,
- * мониторингтеу (топырақтың құрамындағы өзгерістерді бақылау),
- * геоботаникалық зерттеулер (топырақтың өсімдік жамылғысы, олардың өнімділігі, жайылымдықтардың жарамдылығы/тақырлануы туралы), электрондық картограммасын жасау.

Облысымыз шөлді, шөлейтті табиғи климаттық зонада орналасқан

болса, оның территориясының топырақ жамылғысы негізінен қоңыр, сұр, сұр-қоңыр топырақ түрлері және құмдар болып келеді. Топырақтың түрлері, орналасқан жерлері және ауыл шаруашылығы алаптарына сәйкес олардың балл бонитеттері де әртүрлі. Солтүстік аудандарда (Арал, Қазалы) орташа балл бонитет 3-9 аралығында, орталық аудандарда (Қармашқы, Жалағаш, Сырдария, Қызылорда қаласы) 7-14 балл, ең жоғары көрсеткіштері оңтүстік аудандарда (Шиели, Жанакорған) 14-18 балл.

Суармалы жерлерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарының жаңа суармалы жерлердің жобалық алаңдарын айқындау туралы 1-тармағын орындау мақсатында үстіндегі жылдың 18-26 қаңтары аралығында арнайы жұмыс тобы барлық аудан және Қызылорда қаласында іс-сапарларда болды.

Жұмыс тобы аудан, қала әкімдіктерімен бұған дейін ұсынылған жерлерді нақтылап, сонымен қатар қосымша жерлерді қосу мүмкіндіктерін талқылады. Жұмыс барысында облыстағы суармалы жерлер көлемін 300 мың гектарға жеткізу үшін ұсынылған 36 мың гектарды ұлғайтуға қосымша учаскелер қаралды, орналасуы нақтыланды. Нәтижесімен 36 мың гектар алқап қосымша жер көлемімен 44,5 мың гектарды құрады.

Бүгінгі таңда 44,5 мың гектар аумақтың карталары, топырақтың сапалық жағдайы, оларда жанадан топырақ зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы мәліметтер әзірленуде.

Сұлушап АЙТПАЕВА,
облыстық жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы.



Сыйла әйелді, жоғарыдан бер орын,
Көтер оның мерейі мен беделін.
Өз қызыңды сыйлағаның ол сенің,
Өз анаңды мәңгі құрметтегенің.

Тұманбай Молдағалиев.



SHANYRAQ SHATTYŪY

Жүмекен НӘЖИМЕДИНОВ

Ақ сүт

Жалғыз ұлы кемпірдің жігіт еді өткір бір,
Сөйлеп кетсе – сөзінің өткірлігі бет тілді.
Анасына бір күні:
– Ырзамысың балаңа,
ақтадым ба сүтінді, тек шыныңды айт,
деді, ана?
Күтімі деп ананың келін, бала алақепке,
сәл ортайса қабағы – түсетұғын әлекке.
«Сондай болсын, – дейтін жұрт, – шешесін
шын баққан ұл,
бір кемпірдің аузында баққан ұлдың
тапқаны –
Керсәкеде кемпірдің кері сөйлеп жатқаны.
Пейілдер – пеш ана үшін,
шәйі төсек қап-қалың,
одан жұмсақ бола алмас алақаны мақтанғи!
Кіржің етті ана бір әлгі сауалдан кейін:
– Ұлым, – деді қатқылдау, –
бұлдағаның дәм-бейіл,
итің де ішер дәмдіңді, бейілді кім ішер,
ұрғашылар болмаса іштен ғана білісер.
Шындық сұрай ма кісі анасынан.
Есалан,
ақтамадың сүтімді –
шындық керек пе саған?!
Көбелек боп, бейнет сол – ойнап кетсең
кейде отпен...
ал, бейнетті қайтарса –
қайтарады бейнетпен!
Жалғыз ұлы ананың жігіт еді нар талап,
болды ақтамақ ақ сүтті анасын бір аркалап.
Желмая көп далада, дарияда көп кеме,
қаржысы бар кісіге басқасы да жоқ деме,
бірақ жаяу аркалап, тартты анасын Меккеге.
Жортулы еді далада тарғыл жылан,
тағы аң да,
не кездеспес жаяулап кемпір арқалағанға:
Азулылар қаңғыған, айлаулылар аңдыған,
таулар шықты мүлгіген, орман
шықты қалғыған.
арқалаған анасын бір жаяудың алдынан.
Бірі бөгет болмады, Меккесіне барды аман.
Сауыққаннан сақтық аң,
хабар алып қарғадан,
аман қайтты тағы да, бұл не деген құдірет,
қанша азаптан қабағын шытпады
ерің бір рет.
Түр дейтін де түрі жоқ –
қайтқаны тек тірі боп,
тұлғасы ірі жан еді, талабы одан ірірек.
Ауырсыбай қозғалып демалған соң аз ғана,
көңілі толып өзіне, бір жымиды маз бола:
– Енді разы шығарсың жалғыз,
жаман балаңа,
ақтадым ба сүтінді, шыныңды айтшы, –
деді, – ана?
Кіржің етті кемпір бір көңдей
қатқан қабақпен:
– Ұл таптым-ау деп едім,
тұрпатыңа қарап мен.
Әр ісі үшін ас тілеп, әр қимылың санаған
құл туыпшың сорлы боп.
Жо-жоқ, кемісін сен одан!
Дню мақтайды деуші еді тіл алғыштау
сайтанын,
Сен сол сайтан секілді ұшып тұрсын,
байқадым.
Айғыр мақтайд деуші еді шетке қашқан
байталын,
Сен сол байтал секілді шыбын жансын,
байқадым.
Ана сатып ақ сүтін,
Мақтайд деп сені шын
пейіл күтіп отырсын табаныңның желі үшін.
Сүтімді ақтаған жоқсың,
шындық керек пе саған?
Түсіңің тым арзан, байғұс балам есалан!
Көбелек боп, бейнет пе ол – ойнап кеткің
кейде отпен.
бейнетті тек өтейді – өтейтіндер бейнетпен!
Ақталмады көп бейнет, арзымады ақ сүт те,
сатылмайды ақ сүттер –
күр бейнетке мақсұт не,
Соқыр тағдыр жасқаса,
жанғандарды жасқамақ,
Жасқанбады жанары жанған
ердің жас талап.
Ана разы болмады, келіспеді қас-қабак:
Болды жігіт Меккеге жана сапар бастамақ.
Көрінді оған бұ жолдың бейнеті де басқармақ.
Желмая көп далада, дарияда көп кеме,
бірін мінсе сапардың рақаты да жоқ деме.
Анасын ұлы аркалап тағы тартты Меккеге.
Жортулы еді далада талшық іздер
тағы аңдар,
Не кездеспес жаяулап кемпір арқалағанға:
Азулылар қаңғыған, айлаулылар аңдыған.
Шөлдер шықты мүлгіген,
нулар шықты қалғыған,
кемпірі арқалап жортқан
бір жаяудың алдынан.
Өйтеуір, бір көктемде...
Меккеге де барды аман,
Аман қайтты тағы да
кемпірі айтты: «Алладан!»
Қайтудың да түрі көп,
О, құдірет, құдірет,



Жігіт қабақ шытпады сонша жолда бір рет.
Арқасында – анасы, тағы да бір көктемде,
бір он жасқа қартайған күр
сүлдері жетті елге.
Әзіл айтуға жарап, әл жиған соң
бойға ептеп,
сауал беріп шешесін болды тағы сөйлетпек.
Тас мүжіліп табанда,
шөл кезгенде қақсып бір
ақтады ма, құман сол – ана сүтін, ақ сүтті?
Ақтама – амал не, шаш ағарды, күш кетті,
талаптанбақ әйткенмен – ер кезегі үш депті:
– Бәлкім, разы шығарсың осы жолы балаңа,
ақталды ма ақ сүтін,
өзің айтшы, – деді, – ана?
Ақ сүт – қарыз деседі,
мақсұт қана жүр ұстап,
Максұтымды орындап өлмек едім дұрыстап.
Қарыз қайтты деп өзің мойындағанша ғана
тірі болам, тыныштық тілем тек балаңа.
Бір күрсінді сонда ана:
– Сөзіп жүрмін мұны, ұлым,
Саған бейнет, маған да рақат емес, құлыным.
Менің де жоқ тынымым,
талып бітті жұлыным,
біраз бейнет көрдің сен.
Қалай айтма қой деп мен,
Өтейтіндер бейнетті –
өтейді шын бейнетпен!
Қажығанмен ер өңі, қартай ма нар талап:
Үшінші рет шықты ерің карт анасын
арқалап.
Жортулы еді далада тарғыл жылан,
тағы аң да,
Не кездеспес жаяулап кемпір арқалағанға?!
...Ол
Жасырып үлгерді шешесін бір үңгірге,
өзі шықты барыспен жекпе-жекке,
бір-бірілеп:
Тарғыл жылан кеп қалды ұлы тілі жалақтап,
шықты арыстан бір жақтан тісі сары,
жалы аппақ,
Майдан болды маң-дала,
Көз алдында кемпірдің
жалғыз ұлын жұмалап жабайылар өлтірді.
Айтпақшы, ұлы соңғы дем үзілерде тарға:
– Ақтадым ба сүтінді? – деп сұрады тағы да.
Кер кемпірдің көзіне кесір тамшы іркілді,
кергіп айтты:
– Бәрі емес, ақталды сүт бір түнгі!
Сонсоң ана жас төкті еңк-еңк етіп, еңкілеп,
Тәңіріні тұрлаусыз жан екенің деп тілдеп.
Жететұғын жеріме жеткізбедің мені деп,
еңіреп есті жел үлеп, жылады ана еңіреп:
«Құлыным-ай, сүтімді ақтай алмай кеттің», –
деп.
Өлгені емес ұлының бар қасірет, бар қайғы,
«Қарыздар боп өлді» деп жылайды ана,
зарлайды.



Талабы тым қаталдау,
Қатал еді ана, рас,
Қаталдығы – тағдыр бір, тәңірін де танымас.
Өйткенімен, мұнда үлгі,
жатыр ұлы бір шындық:
Ақталмай жүр ақ сүттер –
ойласақ, күр күрсіндік.
Ұлдарда да ұғым бар,
шешеді де қырсық көп,
қырсыққыштау болса анаң –
анаңа да ұрсып кет.
Арқаламақ түгілі анасын кей азамат,
жаман келін арқалы қояды аздап жазалап.
Бүгінгі ана – көңілшек,
бата берер күн сайын,
Кесірленбей келіндер құйып берсе
бір шайын.
Ардың арыстандары, жолбарысы ұятың,
бізді ұйқысыз түндерде талайтұғын сияқты:
Ақ сүт қымбат,
Әлгіндей ер ұлдар да нар талап,
ырза етпесе анасын ғұмыр бойы арқалап.
Ойланайық, жігіттер,
ақ сүттердің бұлағы
өтелмеген парыз боп мойнымызда жүр әлі.
Бір ананың ақ сүтін ақтау – қиын әңгіме,
жетер емес ғұмырын, қарағанда әлгіге.
Бір ананың ақ сүтін өтеу қиын соншама,
бір-ақ түннің ақ сүтін
бұлай бұлдар болса ана.
Қайтып орындалады ойыңдағың, мақсұтың, –
қайтып ақтар екенбіз Ел-ананың ақ сүтін!)

«Бір қозы туса, бір түп жу-
сан артық шығады». Қазақ-
тың канатты сөзі әр баланың өз
несібісі болатынын айғақтайды.
Қармақшылық Гүлнұр жиырма
жасында тұрмысқа шықты. Бірақ
өзі де, жолдасы да көпбалалы отба-
сынан емес. Қатарынан бес қызды
дүниеге әкелгенін кейіпкеріміз
тағдырдың сыйы ретінде қабыл-
дайды. Өйткені балалы үйге бақ
қонағаны белгілі.

– Қыз бала әдетте әкеге
жақын болады. Біздің үйде де со-
лай. Әкелері жұмыстан келгенде
бірінен кейін бірі мойнына асы-
лып, шаршағанын ұмыттырып

АРУЛАРДЫҢ АНАСЫ

Қызылордалық Талғат Хусанұлының отбасында бүгінде бес қызғалдақ өсіп келеді. Олардың алды он бір жаста болса, ең кішісі – алты айлық. Ерлі-зайыпты Талғат пен Гүлнұр «барымыз да, бағымыз да – осы бесеуі» дейді.

Назерке САНИЯЗОВА.

«Бір қозы туса, бір түп жу-сан артық шығады». Қазақ-тың канатты сөзі әр баланың өз несібісі болатынын айғақтайды. Қармақшылық Гүлнұр жиырма жасында тұрмысқа шықты. Бірақ өзі де, жолдасы да көпбалалы отбасынан емес. Қатарынан бес қызды дүниеге әкелгенін кейіпкеріміз тағдырдың сыйы ретінде қабылдайды. Өйткені балалы үйге бақ қонағаны белгілі.

«Бір қозы туса, бір түп жу-сан артық шығады». Қазақ-тың канатты сөзі әр баланың өз несібісі болатынын айғақтайды. Қармақшылық Гүлнұр жиырма жасында тұрмысқа шықты. Бірақ өзі де, жолдасы да көпбалалы отбасынан емес. Қатарынан бес қызды дүниеге әкелгенін кейіпкеріміз тағдырдың сыйы ретінде қабылдайды. Өйткені балалы үйге бақ қонағаны белгілі.



MEREI

ПОГОНДЫ ҚЫЗ

Өмірге көп нәрсе әйелдерге байланысты екені белгілі. Ер елдің иесі болса, әйел үйдің киесі. Осынау көктем мерекесінде ер азаматтардың жанына жалау бола білген құрметтілерді қалай бағаламақпа?!

Ержан ҚОЖАСОВ.

Құқық қорғау саласына келгеннен аз жыл болса да полиция аға лейтенанты Шәмшаттың әріптестері алдында абыройы озық. Әсіресе, балалар мен ата-аналар қауымы қайсар қызға ерекше алғыс айтады. Өйткені, қаладағы №1 Қ.Мұхамеджанов атындағы мектеп-гимназияның инспекторы Шәмшат балалар өміріне алаңдаумен таң атырып, кеш батыратын. Аталған көшемен 13 қоғамдық көлік өтеді әрі жеңіл көліктің қарасы тіпті мол. Қозғалысы көп, орталық базар жанында үлкен жолда орналасқандықтан жасөспірімдердің жолдан өтуі қауіпті екенін ескерсек, жаздың шыжыған ыстығы мен қыстың қақаған суы-



ғында балалар қауіпсіздігіне мектеп инспекторы жұмысының қандай жауапты екенін көбіміз біле бермейміз.

– Құқық қорғау органында қызметті сержант болып баста-

Құрметті ханымдар!

Сүйікті аналар, апа-қарындар, құрбылар мен қыздарымыз Сіздерді көктемнің көңілдерге шуақ сыйлаған алғашқы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздер өмірдің мәні, отбасының берекесі, сенімді қолғанат, бәсекеге қабілетті маман және де ер азаматтардың мықты тірегесісіздер!

Көңілдеріңізге көктем, жүректеріңізге жылулық тілей отырып, әрбір күндеріңіз қуанышты болсын демекпіз! Жақындарыңыз бен сүйіктілеріңіз әрдайым бақытқа бөлегей! Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт тілейміз!

Мерекелік лебізбен, "Қазгермұнай" БК" ЖШС бас директоры М.К.Мұстафаев

"Қазгермұнай" БК" ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Тянь Кэцзянь



MERKELEK SHERY

«FASHION SHOW»: ЕҢ ӘДЕМІСІ – ҰЛТТЫҚ КИІМІМІЗ

Кеше Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, «Fashion show» ұлттық киімдер шеруі өтті. Шарда үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек киген қыздар мен қимешекті аналар «Өнер» арбатынан «Жібек жолы» ойын-сауық орталығына дейінгі аралықты жүріп өтіп, халық әндерін орындап, қаланы думанға бөледі. Сәні мен салтанаты келіскен шеру замана көшіне қазақылғымызбен қадам басқандай әсер қалдырды.

Айдана ЖУМАДИНОВА.



Ұлттық киімдер шеруін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы аясында облыстық тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған. Мұндағы ұлттық костюмдер аймақтағы модельерлердің қолынан шыққан. Отызға тарта қыз-

келіншек «Көлөнер» ұлттық накыш және «Қарлығаш» шеберлер орталығы, музей қорындағы қазақ әйелдерінің киім үлгілерін ұсынды. Шараның да мақсаты елдің барын бағалау, ерекшелігін ескерту, облыстағы көлөнершілер дайындаған ұлттық киімдерді насихаттау болатын.

Газетіміздің келесі саны 12 наурыз, сейсенбі күні шығады.